

## **Қазақстанның оңтүстік өңірінің төрешілеріне «Медиация сотта» атты семинарға қатысады**

2014 жылдың 26-27 қыркүйегінде Алматы қаласында Алматы, Жамбыл және Оңтүстік облысының төрешілеріне медиация жөнінде семинар-тренинг өткізіледі. Семинарды Біріккен Ұлттар Ұйымы даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен бірге жергілікті Қазақстандық тренер-медиаторларды қатыстыру арқылы ұйымдастырады.

2011 жылы «Медиация туралы» Заңы қабылданғаннан бастап Қазақстанда медиация институтын дауларды шешудегі сот төрелігіне балама әдістеме ретінде енгізу мақсатында белсенді жұмыстар жүргізілуде. 2014 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты татуласу іс-шараларын сот талқылауы барысында татуластырушы-судьялардың қатысуымен жүргізу жөнінде пилоттық жобаны бастады. Татуластыру іс-шараларының судьялардың қатысуымен жүргізілуі көзделген жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі талқылануда.

Тараптарды татуластыру сәтті болуы үшін судьялар делдалдықтың сәтті құралы болып табылатын медиация тәжірибесін игеруі қажет.

Сот талқылауы барысындағы медиация туралы теориялық білім мен оның тәжірибелік аспектітерін түсініп білу, медиацияның қолданылу ерекшеліктерін игеру, судьяларымыздың алдағы уақытта азаматтық және қылмыстық істерді қарауда, оның ішінде сотқа дейінгі өндірістегі дауларды шешуде көмектеседі.

2014 жылдың 29-30 қыркүйегінде өткізілетін семинардың ашылуына қатысу үшін БАҚ өкілдері Алматы қаласы «КАЗЖОЛ» қонақ үйінің “Алатау” конференц-залына сағат 09.00-ге шақырылады. **Интервью беру уақыты - 10.45.** Семинар жөніндегі қосымша сауалдарды келесі телефондардан алуға болады: 701-7155114, 701-3563562